ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 19 қазан № 4360-23-00-2/2342 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Облыстық олимпиадалық резерв даярлау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Барбарис» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру
3.Келісім шартты бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының «Облыстық олимпиадалық резерв даярлау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Барбарис» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Батыржан Бегайдарулы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Тараптар арасындағы 2023 жылғы 27 шілдедегі №23 шарт бұзылсын.

Жауапкер «Барбарис» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Батыржан Бегайдарулынан мемлекет кірісіне 2 464 (екі мың төрт жүз алпыс төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 3 524 (үш мың бес жүз жиырма төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «05» желтоқсан 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 27.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.12.2023, судья Әбілқайысқызы А., 06.12.2023
4360-23-3-1/2496